



УДК 37.013:331.106.5(574)

Құдайбергенова Д.М.,  
Жексенбиева Г.Ы.

**ІЗГІЛІКТІ ТҰЛҒА  
ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ  
ҚОЛӨНЕРДІҢ  
АЛАТЫН ОРНЫ**

*В этой статье рассматриваются  
роль и значение народных ремесел в  
воспитании и формировании личности.*

*The role and meaning of folk handcrafts  
in training and formation of personalities are  
considered in this article.*

«Халық пен халыкты, адам мен адамды тенестіретін білім » - деп қазақтың біртуар азаматы М.Әуезов айтқандай оқусыз білім, білімсіз күнін де жоқ екені белгілі. Білікті маман, мәденисті жоғары адам қашан да сұраныска ие. Осы екі ұғымды біріктіре отырып, еліміздің гүлденеуі мен даму тізгінін, жалпылай айтқанда ұлт тағдырын шешетін бүгінгі жастар десек, олардың өткенге қанық, жаңаны игеруге бейім етіп тәрбиелеуіміз қажет.

Халық тәрбиесі - әрбір халыктың ой-арманымен, көсібімен, ұлттық дәстүрімен тығыз байланыста туып қалыптасқан тарихи қазынасы. Қазақ халқының ерте замандарда тағылым мен білімге еркін қолы жетпесе де өмірлік тәжірибеден оқып-үйреніп, сұлулық пен әсемдікті таңдай да талғай білген. Қолөнерінің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен көкіргінде қастерлей сактап, біздін дәуірімізге жеткізе алған. Біздін міндеттіміз ғасырлар бойы сакталып келген қолөнер бұйымдарындағы ою-өрнектер мен зергерлік өнерін жас ұрпаққа үйретіп оны өмірде дұрыс қолдана білуіне үйретуіміз керек. Атадан келе жатқан рухани мұраны жастардың бойына дұрыс дарыту – біздердін азаматтық борышымыз. Сабак барысында бай мұраның бұрынғысын қазіргімен жағастыра отырып, тәрбиелік мәні бар ен асылы жастардың бойына дарыту өр ұстаздың міндеті. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімін, мінез-құлқын жоғалтпауды тиіс. Ұлттық менталитетті анықтайтын бірінші тіл болса, екінші дәстүр. Әр халық өзінің әдет ғұрпы мен дәстүрлер жүйесі арқылы ғана өзінің рухани мәденисті мен дуниетанымының жемістілігін көре алады. Қазақтың кез-келген жағдайдағы айтылатын астарлы сөзіндегі ақылдылық пен парасаттылықтың өзі осы еңбек-қорлықтың нәтижесі.

Тарихқа тиек болған сан ғасырлар  
Ұлттылығын ұмыттырmas өрелі ісі  
Ұрпағы бар артында жағастырап  
Өлмек емес өнері өрелі ісі.

Қазақ халқының ұлттық мәденистінің өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық рухани негіздерін қалыптастыратын халық дәстүрімен тәрбиелеудің маңызы зор.

«Өнер таусылмас қазына жұтамас байлық » деген дана халқымыз.

Қазақ колөнері өзінің төл мағынасымен шын мәнінде, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы.

Қолөнерінің көн таралған түрлері: киіз басу, сырмак сыру, киіз үйдін ішкі сыртқы керек жабдықтарын әзірлеу, кілем тоқу, алаша шәркей, құрақ құрауға, тұсқиіз тігуге баланы жастанынан



баулып отырған. Аталған қолөнер туындыларында сан алуан түрлі сырға толы ою-өрнектер бейнеленген. Академик Марғұлан сөзімен айтқанда «Қазақ халқы өн-өрнек ортасында өмір сүреді». Ал, А. Макенденский қазақ даласына келенде қазақ үйлерінің бірінде қонақта болып жүріп, төсөніштердің оюлары жайлы сұрағанда үй егесі оның мағынасын түсіндіріп береді. Соңда А. Македонский «Мен киіз кітаптың үстінде отыр екемнін»- депті.

Қазақ халқы үшін оюлардағы тілдік деректерді толығымен зерттеу халықтың рухани мәдениестіне байланысты сан алуан мәселелерді танып-білуге жердемдеседі. Ою-өрнектің жазу –сызу шыға қоймаған ерте заманда алғаш өз ойын тасқа сүйекке ағашқа ойып-қашап түсіргендігін айта келіп, бертін келе оны киізге, алашаға, кілемге түсірілгенін, ескертіп, сол таңбалар арқылы халық белгілі бір ұғымды артында қалдырып, өз ойын жеткізе алғанын окушыға түсідіре оқытуымыз керек.

Өйткені халық мұрасындағы ұлттық өрнектердің үйлесімді реңдері ата-бабалардың тұрмыс-салт дәстүрін, бейнелеген гой. Анықтап айтсақ, халқымыздың тарихын, шежіресін, жағрапиясын мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнектен өзге құдіретті өнержоқтың қасы. Қолөнері әрбір халықтың болмысымен бірге туып, біте қайнасып, келеді. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық қолөнерінің тарихи дәүіріндегі сұлулық пен әсемдікті бакылай алатын зерделі азамат тәрбиелеуде айрықша ықпал ететіні анық.

Өзүлттік тағылымдар мен күнделікті қасиеттілікten туындаған тәрбиелік мәні зор қолөнер туындылары ата дәстүріне айналып, санаға сініп, салтқа біліктейді. Халқымыз ұзак жылдар бойы тарихында ұрпақ тәрбиесінде енбек пен қолөнерге ерекше көніл бөліп, оны жылдар бойы жақсы істермен толықтырып отырған.

Ғылымда осы өзгеше тәрбие мәселесімен айналысатын педагогика саласы – халық педагогикасы мен жастар психологиясын зердесінде ұстап, оның эстетикалық талғамын, ұлттық дәстүрлі мәдениестін зерттеуге арналған бірден-бір ғылым.

Сонын негізінде қазіргі кездे балалар дүниетанымын қалыптастыру үшін халық педагогикасының маңызы зор екенін айта кетіуміз қажет. Баланы жастайынан қолөнерге баулып, ұлттық өнеріміздің қырсырын, мән мағынасын олардың бойына ұялата білсек, окушылардың өз халқына деген сүйіспеншілігін арттырып, халық қазынасын, өз елінің тарихын, өнерін құрметтеп, қастерлей білуге, еңбекті бағалай білуге, үнемділікке, шеберлікке баулимыз.

Халық педагогикасы негізінде окушыларды бастауыш мектептен-ақ бейнелеу өнері немесе еңбекке баулу сабактарында ұлттық өнерге баули отырып, эстетикалық талғамын, дүниетанымын қалыптастыра аламыз.

Халық педагогикасының элементтерін әр сабакта шеберлікпен пайдалана білудін бала тәрбиесіндегі маңызы зор болып отыр.

Мысалы, бейнелеу өнері сабакта анималистік жаңырда сурет салу сабағы болатын болса, жан-жануарлар туралы, оның ішінде төрт түлік туралы әңгімелеп, қазақ халқында әр түліктің иесі бар деп есептегенін айта келе әр төл иесі атап көрсетіледі.

1. Жылқы атасы – Қамбар ата.
2. Түйе атасы – Ойсыл кара.
3. Сыр атасы – Зенгі баба.
4. Қой атасы – Қамбар ата.
5. Ешкі атасы – Сексек ата.

Сонымен қатар төрт түлік байланысты сұрақтар қойылады:

- Әр түліктің төлін қалай атайды?
- Төлдерді қалай шақырамыз?
- Олар қандай дыбыс шығарады?

Осы сұрақтарға жауап ала отырып, окушылардың сабакқа қызығушылығын арттырумен қатар, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына ықпал етеміз.

Ал, натюрморт бейнелеу сабактарында А.Ғалымбаеваның «Дастархан», «Қызыл шэйнек» т.б. еңбектеріндегі қазақтың ұлттық бүйімдарымен ұлттық тағамдарының керемет бейнеленгендігі туралы әңгімелей келе ұлттық ыдыс- аяқ түрлөрі мен олардың қолданылуы туралы, сонымен қатар ол ыдыстардың қандай еңбекпен жасаландығы туралы қысқаша айтып етсек окушының бойында еңбекті қастерлей білу қасиетін оята аламыз.

«Еңбекке баулу» сабактарындағы сәндік қолданбалы өнерге байланысты сабактарда қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің терен мән мағынасы, шығу тарихы, әр ою ұқсастығына қарай неден



алынғандығы жайлыш көлемде түсінік бере отырып, барлық ою-өрнектер табиғатта алынғандығы туралы түсінік береміз. Бұл арқылы біз баланың дүниетанымын, ой-өрісін табиғатты сүюге, қоршаған ортаны аялай білуге баулимыз.

Ал, осы ою-өрнектерді қолдана отырып, сырмак сырып, кесте тоқу өнерін үйрету арқылы оқушыларды еңбек сүйгіштікке, шыдамдылыққа, шеберлікке, ұлттық өнерді қастерлей білуге үйретеміз.

Корыта айтқанда болашак ұрпақты парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытамыз десек, ізгілікті ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, біздің басты мақсатымыз оқушыларды ұлттық қолөнерге баули отырып, олардың төл мәдениетіміз жөнінде көлемде түсінік алууларына ықпал ету, сонын нәэтижесінде эстетикалық талғам-түйсіктерін, дүниетанымдық қабілетін дамыту, еңбексүйгіштікке, шеберлікке, халық қазынасын құрметтеп, қастерлей білуге баулу болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Романова Н.В. Ою - өрнекті орналастыру сұраптарты. Ш.МТИ .,1977.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері, - А., 2000.
3. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халық қол өнері. –А., 2000.
4. Ильясев Г. Ою - өрнек өнері. – Алматы, 2000.
5. Адамқұлов Н. Ұлттық қолданбалы қолөнері. – Алматы: Мария, 2006.
6. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері. – Алматы: Рауан. 1992.
7. Байболдиева А. Ою сиро. – Алматы: Өрнек , 2005.
8. Оқу білім негізі – ұлттық тәрбие // Білім-Образование.- 2006, № 6 (30).- Б. 44-45.
9. Білім мен тәрбие сабактастығы басты мақсатымыз // Қазақстан кәсіпкері –Профессионал Казахстана.- 2006, № 12 (43). – Б. 52-54.
10. Сәндік-қолданбалы өнерге баулуда оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыру // Ізденіс - Поиск.- 2006, № 4 (2). – Б. 162-165.
- 11.Оқушылардың қолөнерге бейімділігі мен эстетикалық деңгейінің сабактастығы арқылы этнопедагогикалық тәрбие беру // Ұлт тағылымы – Достояние нации.- 2006, № 3. – Б. 46-51.